**Әкімдіктің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 152 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 2 қыркүйектегі № 233 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қазанда № 9-5-95 тіркелді

"Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 20 бабының 1-тармағына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 152 "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" қаулысына ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік Тізілімінде № 9-5-91 болып тіркелген, 2009 жылдың 11 маусымдағы "Таза бұлақ-Чистый родник" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтағы "2009 жылдың көктемінде" деген сөздер "2009 жылы" деген сөздерімен ауыстырылсын;

жоғарыда көрсетілген әкімдік қаулысының қосымшасы жаңа редакцияда қосымшаға сәйкес мазмұндалсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі А. Бондаренко*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы ______________ Д. Айсин*

*2009.09.02*

Әкімдіктің 2009 жылғы 2 қыркүйектегі № 233 қаулысына қосымша

# 2009 жылы азаматтарды әскери
# қызметке шақыруды жүргізу КЕСТЕСІ

| №р/с | Селолық округтер мен село атауы | барлығы | Негізгі күндер | | | | | | | | | | | Резервті күндер | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сәуір | | | | | қазан | | | | | | мамыр | | қараша | | |
| | | | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 26 | 14 | 15 | 25 | 26 | 27 |
| 1 | Большечураков селолық округі | 70 | | | 32 | | | | | | 38 | | | | | | | |
| 2 | Димитров селолық округі | 40 | | | | | 13 | | | 27 | | | | | | | | |
| 3 | Докучаев селолық округі | 63 | 25 | | | | | | 38 | | | | | | | | | |
| 4 | Красный Кордон селосы | 29 | | | | | 13 | | | | | | 16 | | | | | |
| 5 | Лермонтов селолық округі | 34 | 22 | | | | | 12 | | | | | | | | | | |
| 6 | Маяковский селолық округі | 23 | | | | | 7 | | | 16 | | | | | | | | |
| 7 | Новоалексеев селолық округі | 42 | | | 18 | | | | | | | 6 | 24 | | | | | |
| 8 | Приозерный селолық округі | 10 | | 4 | | | | | | | | | | | | | | |
| 9 | Свердловка селосы | 19 | | | | 7 | | | | | 12 | 43 | | | | | | |
| 10 | Силантьев селолық округі | 79 | | | | 36 | | | | | | | | | | | | |
| 11 | Обаған селосы | 21 | | 9 | | | | | 12 | | | | | | | | | |
| 12 | Щербаков селолық округі | 70 | | 35 | | | | 35 | | | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 500 | 47 | 48 | 50 | 43 | 33 | 47 | 50 | 43 | 50 | 49 | 40 | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК